# Қ. Мырзалиев «Табиғат-жаратылыс пернесі»

Искакова Гульнар Умирзаковна
Н. Крупская атындағы орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаты | 5.Т1 Тақырыпты тірек сөздер арқылы болжау<br>5.А3 Ауызша мәтіндер құрауда қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дыбысталуын, үндестік заңын ескеріп айту |
| Сабақтың мақсаты | Барлық оқушылар орындай алады:<br>көркем шығарманың мазмұнын тірек сөздер арқылы болжай алады.<br>Оқушылардың көпшілігі орындай алады:<br>Ауызша мәтін құрауда қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дыбысталуын ескереді.<br>Кейбір оқушылар орындай алады:<br>қазақ тіліндегі төл дыбыстары бар сөздерді теріп жазады, сөз тіркесін, сөйлем құрастыра алады. |
| Ойлау дағдыларының деңгейі | Білу, түсіну және қолдану |
| Бағалау критерийі | Мәтін тақырыбын тірек сөздер арқылы түсінеді болжайды. Тақырыпқа қатысты қазақ тіліндегі төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйренеді, үндестік заңын қолданады |
| Тілдік мақсаттар | Пәнге қатысты сөздер, терминдер: дала, байтақ, құлын, толған ай |
| Құндылықтарға баулу | Табиғатты аялау, қорғау |
| Пәнаралық байланыс | Әдебиет, геогафия, өзін-өзі тану |
| Тақырып бойынша алдыңғы білім | М. Мағауин «Бір атаның балалары» (үзінді) |

Сабақ барысы

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>10 мин | 1.Шаттық шеңберімен бастаймын<br>2.Психологиялық ахуал туғызамын<br>Оқушыларды санау арқылы 2 топқа бөлемін<br>1-топ «Көкшетау»<br>2-топ «Сарыарқа»<br>Мәтінді түсініп оқып төл дыбыстары бар сөздерді теріп, сөз тіркестер құрастыру<br>Тарбағатай ауданы 1928 жылы құрылды. Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы мамыр айындағы Жарлығымен Республикамыздағы әкімшілік жұмыстардың өзгертілуіне байланысты Аксуат ауданы таратылып Тарбағатай ауданының аумағына енгізіліп Тарбағатай ауданы деп аталды.<br>Біздің ауданда ойлаған көсемдер, шешендер, әділ билер, жауға қол бастап шыққан батырлар, күйшілер, күміс көмей әншілер, ақындар, көріпкел әулиелігімен аты аңызға айналған емшілер, жауырыны жерге тимеген палуандар өмір сүрген. Ежелден табиғатына бай «Баркытбел» атанған қарт Тарбағатай ерте замандардың көнекөз куәсі.<br>Оңтүстік Шығыстан Солтүстік батысқа дейінгі орталық бөлігі ашық сарғылтым топырақ қабатымен, тау беткейлері қоңыр топырақты жайылғымен ерекшеленеді. Аудан жерінің көпшілік бөлігі жазық. Зайсан қазан шұңқыры маныңдағы құмды, құмдақ және қалын, қабатты сұр топырақты жерлерде жусанды – соран өсімдіктер, ал Зайсан көлінің жағасына таяу шалғынды батпақты топырақта тұрақты шалғындар мен жайылымдар бар. Тарбағатай тауының етегінде қиыршық тасты боз қызыл-қоңыр топырақтарда тобылғы аралас | әуен |


Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания №KZ93VPY00020180 выдано Комитетом информации Министерства информации и общественного развития РК 11.02.2020 г.

әр түрлі шөп өседі. Тарбағатайда бірнеше топырақ пен өсімдіктер белдеулері бар 1400 м биіктікке

Қазіргі Ақмола облысының солтүстігі мен оған шектесіп жатқан Солтүстік Қазақстан облысының кейбір аудандарын қамтиды. Орталық бөлігінде Көкшетау қыраты орналасқан.

Бұл аймақта Оқжетпес, "Жеке батыр", Кенесары үңгірі, т.б. тарихи орындар бар. Қыраттың батыс жағынан Есіл өзені ағып өтеді. Көптеген ұсақ өзендер көктемде қатты тасығанымен, жазда суы азайып, көпшілігінің арналары кеуіп қалады. Қыста күн суық, қаңтар айындағы жылдық орташа температура мөлшері –16 – 19°С, шілдеде 19 – 20°С. Жылдық жауын-шашын мөлшері 230 – 400 мм. Көкшетау – Сарыарқаның солтүстігінде, Көкшетау қыратының солтүстік-шығыс бөлігінде оқшау орналасқан, жақпартасты, орманды-көлді тау. Ең биік жері – Көкше шоқысы (947 м).



Ақылбай кезеңі Көкшетауды екіге бөледі:

1. солтүстігінде Көкше, Бура, Жеке батыр,
2. оңтүстігінде Айыртөбе, Шортан шоқылары бар.

1-тапсырма

Балалар, Венн диаграмма арқылы Сарыарқа және Көкшетау ортақ қасиеттерін көрсетіңдер

ТЖ: Венн диаграммасын толтыру




КБ:

**Сабақтың ортасы**

Қадыр Мырзалиев туралы өмірбаянын дара диаграмма арқылы

Қадыр Мырзалиев 1935 жылы 5 қазанда Орал облысының Жымпиты кентінде туған. 1958 жылы. Қазақ мемлекет университетінің филология факультетін тәмамдаған. Еңбек жолын сол кезде жаңадан ашылған журналы «Балдырғаннан» бастаған. «Жұлдыз» журнал редакциясында поэзия және сын бөлімінің меңгерушісі, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары, 1968–1973 жылдары «Жазушы» баспасында қазақ поэзиясы бөлімінің меңгерушісі, «Балауса» баспасының редакторы, кейін Қазақстан Жазушылар одағында поэзия секциясының кеңесшісі болған. 1966 жылы «Ой орманы» жинағы үшін Қазақстан Ленин комсомолының сыйлығы берілді. 1980 жылы «Жерұйық» жыр кітабы үшін Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Ол Қазақстанның халық жазушысы. 2001 жылы Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығын алды.

КБ

2-тапсырма

Мәтін мазмұнына сай «дұрыс-бұрыс» әдісін қолданамын

Балалар, берілген ақпаратта қаншасы дұрыс, қаншасы бұрыс екенін белгілеңіздер

| Ақпараттар | Дұрыс | Бұрыс |
|---|---|---|
| Қ. Мырзалиев 1935ж 5 қазанда туған | + | |
| Математика факультетін тәмамдаған | | - |
| Еңбек жолын «Балдырған» журналынан бастаған | + | |
| Ол Қазақстанның халық жазушысы | + | |
| 2001ж»Тарлан»сыйлығын алды | + | |


Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания №KZ93VPY00020180 выдано Комитетом информации Министерства информации и общественного развития РК 11.02.2020 г.

<table>
<tr><td></td><td>Табиғат - жаратылыс пернесі<br>О, далам, менің байтағым,<br>Далам деп өлең айтамын.<br>Ұлың боп ойлап барам да,<br>Құлын боп ойнап қайтамын.<br>О, далам, менің байтағым,<br>Далам деп өлең айтамын.<br>Солған Ай болып барам да,<br>Толған Ай болып қайтамын.<br>Қ. Мырзалиев<br>Балалар, өлеңнен алынған сөздерді аудармасын сәйкестіріндер<br>ЖЖ: Сөздерді аудармасымен сәйкестендіреді<br>Байтақ мой, моя<br>Құлын сын<br>Ұлың степь<br>Дала стих<br>Менің просторная<br>Өлең слуга</td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы</td><td>Рефлексия: Балалар, сендерге сабақ ұнады ма? Сабақты 5 жолды синквейн әдісімен қорытындылай
<table>
<tr><td>Бағалау критерийі</td><td>№ тапсырмалар</td><td>Дескриптор</td><td>бал</td></tr>
<tr><td>Мәтін тақырыбын тірек сөздер арқылы түсінеді болжайды.</td><td>1</td><td>Мәтін тақырыбын тірек сөздер арқылы түсінеді болжай алады</td><td>1</td></tr>
<tr><td>Ауызша мәтін құрайды</td><td>1</td><td>Ауызша мәтін құрай алады</td><td>1</td></tr>
<tr><td>Тақырыпқа қатысты қазақ тіліндегі төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйренеді, үндестік заңын қолданады</td><td>1</td><td>Тақырыпқа қатысты қазақ тіліндегі төл дыбыстарын дұрыс айта алады, үндестік заңын қолдана алады</td><td>1</td></tr>
<tr><td colspan="2"></td><td></td><td>3</td></tr>
</table></td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақ бойынша рефлексия</td><td>Қазіргі Ақмола облысының солтүстігі мен оған шектесіп жатқан Солтүстік Қазақстан облысының кейбір аудандарын қамтиды. Орталық бөлігінде Көкшетау қыраты орналасқан.<br>Бұл аймақта Оқжетпес, “Жеке батыр”, Кенесары үңгірі, т.б. тарихи орындар бар. Қыраттың батыс жағынан Есіл өзені ағып өтеді. Көптеген ұсақ өзендер көктемде қатты тасығанымен, жазда суы азайып, көпшілігінің арналары кеуіп қалады. Қыста күн суық, қаңтар айындағы жылдық орташа температура мөлшері –16 – 19°С, шілдеде 19 – 20°С. Жылдық жауын-шашын мөлшері 230 – 400 мм. Көкшетау – Сарыарқаның солтүстігінде, Көкшетау қыратының солтүстік-шығыс бөлігінде оқшау орналасқан, жақпартасты, орманды-көлді тау. Ең биік жері – Көкше шоқысы (947 м). Ақылбай кезеңі Көкшетауды екіге бөледі:<br>1. солтүстігінде Көкше, Бура, Жеке батыр,<br>2. оңтүстігінде Айыртөбе, Шортан шоқылары бар.</td><td></td></tr>
</table>


Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания №KZ93VPY00020180 выдано Комитетом информации Министерства информации и общественного развития РК 11.02.2020 г.